

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ТАСҚАЛА АУДАНЫДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ
«СӘУЛЕТ» МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ**

ҚАРАЛДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КЕҢЕСХАТТАМА №1
«29 » ТАМЫЗ 2020 ЖЫЛ

БЕКІТЕМІН
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ ДИРЕКТОРЫ:

Ж.Х. Айтжанов
БҰЙРЫҚ № «29 » ТАМЫЗ 2020 Ж.

«СӘУЛЕТ» МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ
2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

ТАСҚАЛА, 2020

МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ: Өткен оқу жылындағы мектеп жұмысын талдау

2-БӨЛІМ: Ғылыми-әдістемелік жұмыс

3-БӨЛІМ: Тәрбие жұмысы

4-БӨЛІМ: Мектепшілік бақылау

5-БӨЛІМ: Қаржы-шаруашылық қызметі және материалдық – техникалық базаны нығайту

6-БӨЛІМ: Қосымшалар, жұмыс жоспары

Психологиялық қызмет

Нақты пәндер әдістемелік бірлестігі (математика, информатика, физика, технология)

Жаратылыстану пәндері әдістемелік бірлестігі (химия, биология, география, дене шынықтыру)

Гуманитарлық әдістемелік бірлестігі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері, тарих, музыка)

Мектеп жанындағы интернат

Кітапханашы

Медқызметкердің

Қосымша білім беру педагогы

Әлеуметтік педагог

Өткен оқу жылындағы мектеп жұмысын талдау

Оқу жылының басында педагогикалық кадрларды тарифтеу жүргізілді, мектепке қабылдау жүргізілді, факультатив және үйірме бағдарламалары талданып, бекітілді.

Осы бағыттағы жұмыстың тиімді нысандарының біріне мұғалімдермен бірге өткізілген педагогикалық кеңес, семинарлар, іс-әрекеттегі сабақты зерттеу, шығармашылық байқаулар жатады. Жалпы білім беру жұмысын ұйымдастыру ұйымдасқан түрде және бекітілген жоспар бойынша жүрді. Тұрақты сабақ кестесі уақытылы, СанЕН тиісті талаптарын сақтау арқылы жасалды. Әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес отырыстарында шешімі білім беру процесін сапалы көрсеткіштеріне тәуелді тиісті мәселелер қарастырылды.

Мектеп педагогтерінің саны 45 адам құрайды, оның ішінде 42 адам жоғары педагогикалық білімі бар, 3 адамның (Шурин Б.Б., Сиражева А.С, Самат Д.) орта арнайы педагогикалық білімі бар (3 мұғалімде қазіргі уақытта жоғары оқу орнында оқып жатыр).

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілік курстан тарих пәні бойынша Шакиров Ғ.А . басқабарлық мұғалім уақытылы курстық қайта даярлықтан өтті. Аттестациядан өту үшін тестілеуге 5 мұғалім өтініш берді, 2 мұғалім өтті. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Г.Т. Бисекеш- педагог-зерттеуші және информатика пәні мұғалімі А.Д.Зайтукова – педагог-эксперт санатын иеленді. Технология пәні мұғалімі Б. Шурин, педагог-психолог Г.Б.Иманғалиева, музыка пәні мұғалімі Ж.М.Рахмет тестілеуде өз беріп отырған санатының жинаған балы төмен болды.

Қазіргі уақытта мамыр айында аттестациядан өтуге математика пәні мұғалімдері Б.Жанекенова, М.Курманиязова-педагог-зерттеуші, А.Самиғоллин-педагог-сарапшы, Ж.Рахмет –педагог-модераторға өтуге өтініш берді.Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы 8 % артты.

Педагогтер біліктілігі:

№	«Педагог-шебер» біліктілік санаты	«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты	«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«Педагог-модератор» біліктілік санаты	«Педагог» біліктілік санаты	Санаты жоқ
1	0	19	11	2	0	4

Оқу жылдары	Мұғалім саны	Білімі		Санаты				Сапалық құрамы
		Жоғары	Арнаулы орта	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ	
2017-2018	46	45 (98%)	1(2%)	24 (52%)	8 (17%)	11 (24%)	3 (6%)	69%
2018-2019	47	46(96%)	2(4,3%)	22 (47%)	12 (26%)	6 (13%)	8(17%)	72 %
2019-2020	48	46 (98%)	1(2%)	24 (52%)	13 (28%)	5(11%)	4 (8,7%)	80%

Педагогикалық өтілі

3 жылға дейін	3-5 жыл	6-10 жыл	11-15 жыл	16-20	20 жылдан жоғары
3	5	7	5	6	18

Мұғалімдердің жас құрамы

30 жасқа дейін	31-40 жас	41-50 жас	51-57 жас	57-62	зейнеткерлер
10	13	11	8	1	2

Жас және жанадан келген педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін тәлімгерлер тағайындалды. Мұғалімдердің кәсіби дамуына қолайлы орта қалыптастыру мақсатында алдымен теориялық білімдерін жетілдіру үшін «Критериалды бағалау- сапалы білім негізі» дөңгелек үстел, «Рефлексияның тиімді түрлері мен әдістері», « ашық сұрақтар қою әдісін жетілдіре отырып, сындарлы кері байланыс орнату дағдысын дамыту» коучинг, семинарлар өткізілді. Педагогикалық тәжірибені жалпылау, тарату және тереңдету мақсатында мұғалімдер ашық сабақ, іс-әрекетте зерттеу сабағын, басқа мектеп оқушыларына ресурстық орталықта сабақ беру, конференция, семинар, ашық есік күндері өз тәжірибесімен бөлісті. 24 қаңтар 2020 жылы мектепте «Батыс Innovations» жобасы аясында «Ideas about Innovations» инновациялық мектептердің директор орынбасарларының қатысуымен «Ideas about Innovations» тақырыбындағы облыстық семинар өтті. Семинар мақсаты «Батыс Innovations» жобасы шеңберінде жаңартылған білім беру мазмұнын табысты меңгеру және Назарбаев зияткерлік мектебінің іс-тәжірибесін тарату арқылы педагогтардың кәсіби дамуына жағдай жасау болып табылды. Семинар 3 бөлім арқылы жүзеге асты: ашық сабақ алаңы, workshop. НЗМ-нің әлеуметтік жобалар тәжірибесінен, «STEM технологиясын сабақта қолдану әдістері, тәжірибе алмасу алаңы.

7 сыныпта Бекентаева А.Қ. және Зайтукова А.Д. «Әлеуметтік желілердің тарихы» тақырыбына информатика мен қазақ тілі пәндерінен кіріктірілген сабақ, 9 сыныпта CLIL әдісін қолдану арқылы «DNA» тақырыбына Шакирова Э.М. биология сабағын, Гумарова Ж.М., Махимова Б.Т., Сабитова А.А. 9-11 сынып оқушыларымен «Бесінші элемент» химия және биология пәндері бойынша сыныптан тыс шара, математика пәні мұғалімдері «Math worshop» математика пәнінен сыныптан тыс шара өткізді.

2 бөлімінде 9 Б сыныбында «Кәсіби бағдар-келешекке салынған инвестиция» Шапиков Н.М., 5 «Ә» сыныбында «Біз бір жанұя» шеберлік сынып Султанғалиева Г.А., Кондудаева Ж.М., «Let`s learn English together» ата-аналарға педагогикалық оқыту ағылшын тілін үйрену, «Менің сүйікті кітабым» COWORKING readx жобасын З.Нурғалиева және Ж.Булкбаев тәжірибелерімен алмасты. А.Бисалиева, Б.Махимова, А.Дакишева «100 үздік идея» тәжірибе алмасу алаңының ұйымдастырды. Семинардың екінші бөлімінде алғашқы мини-коучингте қатысушылар Lesson Study жұмысымен танысып, мектеп мұғалімдерінің сабақ талдауларын тыңдады. Бұл шара мектеп ұжымына өзара тәлімгерлік жұмысын жүргізуге, көшбасшылық қабілеттерін арттыруға үлкен тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді. Желілік қоғамдастық шеңберінде жаңартылған білім беру мазмұнын табысты меңгеру және ортақ жұмысты жоспарлау мақсатында «Болашақ» желілік қоғамдастық шеңберінде 5 ақпан 2020 жыл күні аудандық семинар – тәжірибе өтті. Мектеп шығармашылық топ ұстаздары және өзін-өзі басқару оқушылар ұйымының мүшелері мектепте жүзеге асырылып жатырған әлеуметтік жобалар жұмысымен, қосымша білім алу мүмкіндіктерімен таныстырды, содан соң «Сабаққа қойылатын талаптар» тақырыбында

коучинг өтті. 3-7 ақпан аралығында Б.Алтынсарин негізіндегі ресурстық орталықта 8-9 сыныптарға Шурин Б.Б., Иманғалиева Л.А., Бекентаева А.Қ., Бисекеш Г.Т., Шакиров Г.А. Кондудаева Ж.М. сабақ берді.

Сонымен қатар мектепте оқу ісі меңгерушісі А.Бисалиева мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курсы өту барысында және мектеп жылдық жоспарына сай деңгейлік курс өткен мұғалім-көшбасшылар жетекшілігімен тәлімгерлік үдеріс арқылы сабақтың мақсаттарын қоя білуді игере отырып мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіру мақсатында LS зерттеу топтарының жұмысы нәтижелі жүзеге асты. LS зерттеу проблемалары оқушылардың 1,2 тоқсан нәтижелерін талдау

барысында анықталды. LS 8 «Б» сыныбында «Алгебра сабағында зерттеушілік әңгіме арқылы 8 б сынып оқушыларының белсендігің арттыру» - топ жетекшісі Б.Күлшариева, «5 Б сыныпта қазақ тілі, тарих, жаратылыстану сабақтарында топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың өз ойын еркін жеткізуге ынтымақтастық ортасын құруға қалай әсер етеміз?» зерттеу сұрағы бойынша LS А.Дуйсенова модерация жүргізу негізінде Lesson study жүзеге асты. Осы кезде 7 тәлімгер Э.Шакирова, Н.Шапиков, А.Дуйсенова, М.Суханова, Ж.Гумарова, С.Есеркенова, Б.Күлшариева жетекшілігімен «Педагогикалық дуэт» Тәлімгер мен тәлімалушы ұстаздар байқауы 24,25,26 ақпан күндері «Сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану» ашық сабақтары өтті. 28 ақпанда II кезеңде байқауы жүзеге асты. Мектеп командалық жұмысы іске асты, өз кәсіби қызметінің жетістіктері мен сәтсіздіктеріне анализ жасады, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру тәжірибелерімен бөлісті.

Мұғалімдердің сабақ жоспарлаудағы практикалық дағдыларын дамыту, тәжірибе алмасуға ынталандыру мақсатында «Менің үздік сабағым» педагогикалық шеберлік конкурсы жоспарға сай өткізілді.

Мұғалімдер сабақтарды ұтымды ұйымдастыру, қосымша білім беруді ұйымдастыру, жаңа технологияларды тиімді пайдалану, оқушыларды олимпиадаларға, интеллектуалдық байқауларға дайындау бойынша шеберлік кластары, оқыту семинарлары, конференциялар аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылып, өткізіледі. Мұғалімдердің кәсіби жарыстарға, халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық байқаулар мен олимпиадалардан жүлделі орындар алып, шығармашылық белсендігі артуда.

Мектебімізде қосымша білім беру саласындағы білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастыруда 14 үйірме, 6 спорттық секция жұмыс жасады. Қосымша білім беру бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеуге және іске асыруда, оның сапалы орындалуын қамтамасыз етуге жоғары, бірінші санатты мектеп мұғалімдері мен қатар қосымша ББҰ-ның мұғалімдері қатыстырылды. Атап айтқанда, балалардың спорт мектебінің мұғалімі шахмат үйірмесін өткізуші О.Н.Насибуллин домбыра үйірмесінде саз мектебінің мұғалімі Жадаева Р.С. Үйірме, секция қатысушылары түрлі тақырыптардағы пәндік республикалық, облыстық, аудандық байқауларға, қашықтықтан олимпиадаларға қатысып жетістіктерге жетті. Облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығында ұйымдастырылған барлық байқауларға қатысып жүлделі орындардан көрінді.

Оқушының шығармашылық пен зерттеушілік қызметін дамыту үшін сабақтан тыс әр сыныпқа **0,25 ставка** көзделген. Осы бағытта жұмыс күнінің екінші жартысында жеке тұлғаны дамыту компоненті есебінен келесі үйірмелер жүргізіледі:

1. «Ұлттық би» үйірмесі
2. «Асыл мұра» үйірмесі
3. «Қазақ әуендері»
4. «Робототехника» үйірмесі
5. «Спорт. Туризм» үйірмесі
6. «Балауса» шығармашылық топ.
7. «Жас сарбаз» клубы.
8. «3Д Модельдеу» үйірмесі
9. «Компьютерлік графика, фотостудия»
10. «Шешендік өнер» үйірмесі.
11. «Шебер қолдар»
12. «Театр ғажайыптары»
13. «Ұлттық ойындар» үйірмесі.
14. «Домбыра»

15. «Шешендік өнер»
16. «Спорттық ойындар» үйірмесі.
17. «Интернет технологиялар» үйірмесі.

Қосымша білім берудегі жұмыстың негізгі бағыттары:

Экологиялық–биологиялық;Көркем–эстетикалық;Спорттық–сауықтыру;Ғылыми–техникалық;Туристік–өлкетанушылық; Әскери–патриоттық; Музыкалық – эстетикалық; Әлеуметтік – педагогикалық.

Үйірмемен қамтылуы

Оқу жылы	Оқушы саны	Үйірмемен қамтылуы
2017-2018	269	329
2018-2019	257	472
2019-2020	254	400

2018-2019 оқу жылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында жаңадан қосымша ашылған кабинеттер, жұмысы жалғастырылды:

№	Кабинет атауы	Оқушы саны2018-2019	Оқушы саны2019-2020
1	Мир шахмат. Тоғызқұмалақ	16	30
2	IT CLASS	170	61
3	Techno жөндеу	3	5
4	Sauletphotostudio	5	12
5	Бейнелеу өнері студиясы	15	15
6	Intellectum	48	60
7	Жалпы оқушы саны	257	183

Кабинеттер күні бойы ашылып тұрып, оқушылардың үзіліс кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалануға үлесін қосты. Сабақтан бос уақытта әсіресе, 5-10 сыныптың оқушылары үшін қолжетімді демалыс ортасы болды. Өзінің қолынан келетін өнерін оқушы техникалық құралдар жөндеумен, фотоға түсірумен, сурет салумен және қазіргі заманға сай интеллектуалдық ойын түрлерін ойнаумен, ашық және салауатты түрде көрсете алуына мүмкіндік алды.

«Сәулет» мектеп – лицейінің 2017-2020 жылғы жетістіктері бойынша сандық көрсеткіштері

	Аудандық				Облыстық				Республикалық				Халықаралық		динамика	
Оқу жылы	2017-2018	2018-2019	2019-2020	динамика	2017-2018	2018-2019	2019-2020	динамика	2017-2018	2018-2019	2019-2020	динамика	2017-2018	2018-2019	2019-2020	
Ғылыми жоба	25	7	7	0	11	7	7	0	1	1	1	0	2	-	-	0
Олимпиада	37	46	44	-2	10	4	12	+8	25	25	109	+84	15	15	16	+1
Байқаулар	180	100	12	-88	80	200	34	-166	25	25	25	0	63	64	2	-62
Спорт	47	90	16	-74	12	24	7	-17	2	-	-	0	-	-	-	0
Жалпы	289	243	79	-164	113	235	60	-175	53	51	135	+84	80	79	18	-61

Мектеп жетістіктері:

2015 ж.- Үздік білім беру ұйымы грант иегері

2020 ж. – Облыстық Білім басқармасының әдістемелік кабинетінің Әдістемелік жұмыс жүргізу үшін Алғыс хат

2019-2020 ж.ж – Облыстық «Гүлденген мектеп» байқауы І орын жүлдегері

Мектептің білім беру жүйесін SWOT-талдау

1. Күшті жақтары

1) Сапалық құрамының жоғары болуы

- 1) педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- 2) білім беру мазмұнын жаңартуды жүйелі жүзеге асуы;
- 3) мектептің жағымды беделі;
- 4) қабылданатын шешімдердің айқындылығы;

2. Әлсіз жақтары

- 1) Мектеп мәселелерін шешуге өзін-өзі басқару, ата-аналар қоғамын тарту жұмысының жеткіліксіз жүзеге асуы
- 2) интернет желісінің шамалылығы
- 3) мектеп компьютерлерінің ескіруі
- 4) Заманауи АКТ жеткіліксіздігі, ақпараттық жүйелердің жетілмегендігі;
- 6) оқушылармен жобалау жұмысты жүргізудің жеткіліксіздігі;

3. Мүмкіндіктері

- 1) Іс-қимыл зерттеу барысында ұстаздардың кәсіптік дамуы
- 2) көшбасшылық және басқару аспектілерінің дамуы
- 3) мектеп мәселелерін шешуге ата-аналар қоғамын тарту

4. Қауіптер

- 1) Оқушы деңсаулығына әлсізденуі
-
- 2) Оқушылардың бос уақытының болмауы
-
- 3) Білім берудің жаһандануы салдарынан бәсекелестіктің өсуіне ілесе алмай қалу

МЕКТЕП СТРАТЕГИЯСЫ:

- Өзін-өзі дамыту дағдыларын, функционалдық сауаттылықтарын дамыту арқылы оқушылардың интеллектуалдық потенциалдарын күшейту;
- Жаратылыстану –математикалық цикл пәндерді тереңдетіп оқыту.

Мектеп жұмысының міндеттері

1. Жаңартылған білім беру жүйесінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын талаптарына сәйкес даму режимінде мектеп жұмысын жүзеге асыру.
2. Білім берудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.
3. Аттестаттаудың жаңа талаптарына, оқу-әдістемелік қолдау және қаржылай ынталандыру әзірлемелерінің өзгертілген жағдайларына сәйкес мұғалімдерді кәсіби өсуге ынталандыру шараларың жүзеге асыру.
4. Оқушыларға кең ауқымдағы дағдыларды дамыту негізінде кәсіптік өзін-өзі анықтау үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.
5. Оқыту процесінде қашықтан оқыту технологияларын пайдалану.
6. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
7. Цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.
8. Өз бетімен білім алу жүйесі арқылы педагогтердің кәсіби біліктіліктерін дамыту, ғылыми зерттеу мәдениетін көтеру
9. Ата-аналарының белсенділігі мен ынтымақтастық орнатуды арттыру нәтижесінде ашық білім беру жүйесін дамыту

2020-2021 оқу жылының
Ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары

Әдістемелік тақырыбы: *Оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс- тәсілдері тиімді ықпалдастыра отырып оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауың қалыптастыру*

Мақсаты: Педагогтардың үздіксіз кәсіптік дамуын жүзеге асыру арқылы білім алушылардың сапалы білім алуына оңтайлы жағдай жасау және рухани бай, физикалық, адамгершілік тұрғыдан жетілген, өзін-өзі дамыта алатын, сыни тұрғысынан ойлауы қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

✓ **Жаңартылған білім беру жүйесін іске асыру:**

- Жаңартылған білім беру жүйесінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын талаптарына сәйкес даму режимінде мектеп жұмысын жүзеге асыру;
- оқытуда жүйелік-әрекеттік тәсілді одан әрі енгізу; білімалушыларға бағытталған білім беру; сыртқы және ішкі әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыру, ашық білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында мұғалімдермен, оқушылармен және ата-аналармен жұмысты дараландыру;
- оқу материалдарының, профильдер мен элективті курстардың оқу –әдістемелік кешенінің өзгергіштігі; білім беру сапасын арттыру құралы ретінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, бай ақпараттық-білім беру ортасын құру;
- мемлекеттік білім беру стандартын іске асыру шеңберінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үшін балаларға арналған қосымша білім беру мекемелерімен желілік өзара әрекеттесуді кеңейту;
- білім беру сапасын бағалау жүйесінің мектепшілік моделін жетілдіру; қызметтің қоғамдық сараптамасын ұйымдастыру

✓ **Кадрлық потенциалдың одан әрі дамуын жүзеге асыру:**

- ынталандыру шараларын одан әрі жүзеге асыру арқылы педагогикалық ұжымның шығармашылық және инновациялық әлеуетін дамыту бойынша жұмысты күшейту;
- мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, кәсіби байқауларға қатысуға, авторлық-педагогикалық әзірлемелерді құруға, жобалау және зерттеу қызметі, семинарлар, вебинарлар және курстық жұмыстарға қатысуға жағдай жасау;
- әдістемелік апталар, педагогикалық кеңестер, ашық сабақтар, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу арқылы шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибесін қорыту және тарату бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- орта жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарын жүзеге асыру барысында оқу үдерісіне әдістемелік қолдау көрсету.

✓ **Дарынды балаларды қолдау жүйесін жетілдіру:**

- инновациялық технологиялар негізінде балалардың дарындылығын анықтау және дамыту, қабілеттеріне сәйкес балаларды қолдау;
- оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жеке білім беру маршруттарын жүзеге асыру;
- қабілетті және дарынды мектеп оқушыларының интеллектуалды-шығармашылық қызметтің әртүрлі шараларына қатысу мүмкіндіктерін кеңейту;
- жобалау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстарын жандандыру арқылы жеке шығармашылық сұраныстарды жүзеге асырудың оңтайлы мүмкіндіктерін ұсына отырып, сыныпта және сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың зерттеу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру.

Мектептің әдістемелік жұмысының Миссиясы: «Әр адамды жетістікке жетелеу»

Әдістемелік жұмысты басқарудың негізгі идеялары:

- педагогикалық жобалау технологиясын қолдану;
- педагогтардың біліктілігін арттырудың жаңа тәсілдерін енгізу: нығайту мұғалімнің кәсіби дамудағы субъективті позициясы: өзін-өзі диагностикалау және өзін-өзі талдау негізінде педагогтардың жеке білім беру маршруттарын құруы және жүзеге асыруы;
- тұлғалық-бағдарланған тәсіл (бүкіл әдістемелік процесс мұғалімдердің жеке басына, олардың білім тәжірибесіне, кәсіби қызығушылықтары мен дағдыларына негізделген).

Қызмет бағыттары:

- жүйелі тәсілді жүзеге асыру;
- мұғалімнің инновациялық режимде жұмыс істеуге дайындығын анықтау;
- диагностикалық, талдау қызметі;
- кешенді мақсатты бағдарламаны әзірлеу (әдістемелік қызмет);
- жаңа білім беру технологияларын әзірлеу және енгізу, технологиялық ақпараттық және білім беру ортасын құру (ақпараттық технологиялар қызметі) бойынша мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыру; тәжірибені қорыту және тарату.

Әдістемелік жұмыстың басым бағыттары:

Ұйымдастырушылық қолдау:

1. Ақпараттық технологияларды қолдану және оларды оқу үдерісіне енгізу бойынша мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жетілдіру;
2. Оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде сабақтың мүмкіндігін барынша пайдалану арқылы, әдістемелік және пәндік апталарды өткізу, сабақтарға өзара қатысу, семинарларға, конференцияларға, шығармашылық шеберханаларға белсенді қатысу арқылы педагогикалық шеберлікті арттыру және жетілдіру;
3. Оқушылардың ғылыми қоғамының тиімді қызметін қамтамасыз ету;
4. Мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибесін жинақтау, зерттеу және енгізу жүйесін жетілдіру.

Технологиялық қолдау:

1. Пәндерді оқыту деңгейін арттыруға, баланың жеке басын дамытуға бағытталған өнімді заманауи педагогикалық технологияларды тәжірибеге белсенді енгізу;

Ақпараттық қолдау:

1. Интернет-ресурстарды, электронды мәліметтер базасын және т.с.с. пайдалану арқылы оқу процесінің әдістемелік компонентіне арналған әдістемелік және практикалық материалдарды таңдауды жалғастыру;
2. Мұғалімдердің әдістемелік идеялары мен әзірлемелерінің банкіні құру;
3. Мұғалімдерге арналған басым бағыттар бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлеу және енгізу.

Баланың жеке басының дамуына жағдай жасау: білім беру кеңістігінің тұжырымдамасын дамыту

Білім беру бағдарламасын психологиялық-педагогикалық қолдау:

1. Оқытуды психологиялық-педагогикалық қолдау;
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктерін зерттеу;
3. Оқушылардың танымдық іс-әрекетке деген ынтасын қалыптастыру;
4. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау.

Оқушылардың денсаулығын жақсарту үшін жағдайлар жасау:

1. Оқушылардың денсаулығының динамикасын қадағалау;
2. Денсаулық сақтау әдістерін қолдану және оқушылардың білім жүктемесін жеңілдету бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Оқу процесінің тиімділігін диагностикалау және бақылау

1. Оқушылардың білім сапасын бақылау;
2. Оқушылардың білімі мен үлгерімін тәуелсіз тексеру механизмдерін жетілдіру;
3. Оқушылардың жалпы білім беру және арнайы біліктері мен дағдыларын, іс-әрекет тәсілдерін жетілдіру;
4. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын, жеке топтық сабақтар мен элективті курстарды қолданудың тиімділігін арттыру бойынша мұғалімдер іс-әрекетінің диагностикасы.

Әдістемелік қызметті бағыттау технологиясы:

- мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің қызметін жоспарлау және ұйымдастыру

- біліктілік арттыру іс-шараларын ұйымдастыру
- оқу бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету
- озық педагогикалық тәжірибені жинақтау

Ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету

- Педагогикалық және әдістемелік кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу үшін әдістемелік материалды таңдау (мектептің жұмыс жоспарына сәйкес).
- әдістемелік әдебиеттерді сатып алу.
- Бағдарламалық-әдістемелік, нормативтік-құқықтық, ғылыми-теориялық ақпараттар базасын құру.
- мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық бағдар бойынша сұраныстарын, қажеттіліктерін қанағаттандыру.
- әдістемелік материалдарды жүйелеу.
- шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау
- жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету.

Әдістемелік жұмыс нысандары:

1. Педкеңестер.
2. Ғылыми-әдістемелік кеңес.
3. Пәндік және шығармашылық бірлестіктер.
4. Мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру тақырыптары бойынша жұмысы.
5. Ашық сабақтар.
6. Шығармашылық кәсіби жұмыс.
7. Пән апталықтары.
8. Семинарлар.
9. Сабақты іс-әрекетте зерттеу жұмыстары.
10. Дарынды балалармен жұмыс.
11. Мұғалім және оқушы «Портфолиосы»
12. Біліктілікті арттыру курсының жүйесін ұйымдастыру және бақылау.

I. Кадрлық потенциалдың одан әрі дамуын жүзеге асыру:

1. Педагогикалық кеңес жоспары:

Жұмыстың негізгі бағыттары	Күн тәртібі	Жауаптылар	Орындау мерзімі
Педагогикалық кеңес №1 « Мектептің білім беру саясатының, басты бағыттары, 2020-2021 оқу жылының міндеттері»	2020-2021 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру міндеттері 2020-2021 оқу жылының оқу жоспарын, күнтізбелік – тақырыптық жоспарларды оқу жоспарының, ауыспалы бөлігі бағдарламаларын, үйірме жұмысының бағдарламаларын бекіту. 3) 2020-2021 оқу жылының педагогтердің оқу жүктемесін бөлу 4) 2020-2021 оқу жылының сабақ кестесін бекіту 5) Жас маманға тәлімгерді тағайындау 6) Тізімдерді бекіту: -Педагогикалық ұжымды 2020-2021 оқу жылына аттестаттау - 2020-2021 оқу жылында мұғалімдердің біліктілік арттыру курсынан өту 7) Мектеп әкімшілігінің функционалдық міндеттерін бекіту. 8) Мектептің ішкі тәртіп ережесі. Педагогтың жұмыс уақыты 9) Оқушы құрамын бекіту.	әкімшілік	тамыз
Педагогикалық кеңес №2	1) Оқу-тәрбие жұмысы бойынша I тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, II тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер 2).білім беру қызметтерін ұсыну сапасы; 3) Зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;	әкімшілік	қараша
Педагогикалық кеңес №3	1. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша II тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, III тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер 2. «Ата-ана педагогикалық үрдістің белсенді мүшесі».	әкімшілік	қантар
Педагогикалық кеңес №4	1. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша III тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, IV тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер 2. Жоғарысыныптарда физика, химия, биология, информатиканы ағылшын тілінде оқыту	әкімшілік	наурыз

Педагогикалық кеңес №5	1.Білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру 2.Педагогтердің аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу; 3. Тәлімгердің тәлімалушы жұмысы туралы қорытындысы	әкімшілік	мамыр
Педагогикалық кеңес №6	«9 сынып оқушыларының мектеп бітіруі және жалпы орта білім аттестатын ұсыну жөнінде» «11 сынып оқушыларының мектеп бітіруі және жалпы орта білім аттестатын ұсыну жөнінде»	әкімшілік	мамыр
Әдістемелік кеңес			
Әдістемелік кеңес №1	1.Қосымшабілімберукурсыныңбағдарламасынбекіту; 2. Жаңартылғанбілімберубағдарламасыаясында критериалдыбағалаудыигерубойыншаұжымныңжұмысжоспарынбекіту; 3. Дарындыоқушыларменжұмысжасаужоспарынбекіту; 4.Тәлімгерлердіңжасмамандарменжұмысжасаужоспарынбекіту;	Директор орынбасарлары, ӘБ жетекшілері	қыркүйек
Әдістемелік кеңес №2	1.Мектепшілік пәндіколимпиадалардыңматериалдарындайындау, сараптау, өткізукестесінбекіту 2.Пән кабинеттерініңоқу-әдістемелікқамтамасызетілуі, талапқасайжабдықталуы 3.Оқу жетістіктерінсырттайбақылауға, мемлекеттікбітіруемтиханынадайындықжұмыстары 4.Дарынды балаларменжұмыс, «Дарын» ОҒҚ жұмысы, байқаулар қорытындысы 4. Жаңа ережелерге сәйкес мұғалімдердің аттестаттаудан өтуі. 5. Іс-тәжірибе тарату	Директор орынбасарлары, ӘБ жетекшілері	қараша
Әдістемелік кеңес №3	1.Сабақты зерттеу тәсілдерінің оқу үдерісіне әсерін талқылау 2.Олимпиаданың қорытындысы: жетістіктер мен кемшіліктер 3.Мұғалімдердің кәсіби өсуі, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс, АКТ күзiреттілігі	Директор орынбасарлары, ӘБ жетекшілері	қантар

	4.Мұғалімдердің құжаттарын тексеру қорытындысы 5.Бағдарлама материалын және оның практикалық бөлімін өту; 6.Көптілділікті игеру бойынша сараптамалық қызмет бағдарламасының нәтижелері туралы аралық есеп беру. 7. Мектептің педагогикалық кеңесіне дайындалу жоспарын бекіту.		
Әдістемелік кеңес №4	1.«Үздік авторлық бағдарлама», ғылыми жоба байқауларының қорытындысы. 2. Өткізілген пән апталықтары қорытындысы 3. Нормативтік құжаттардың орындалу барысы	Директор орынбасарлары, ӘБ жетекшілері	наурыз
Әдістемелік кеңес №5	1.Бірлестіктерде инновациялық жобаның енгізілу қорытындысы 2. Мемлекеттік және сыныптан- сыныпқа көшу емтихан материалдарын дайындау, сараптау 3.9 сыныптардағы бағдаралды дайындық пен бағдарлы оқытуды зерттеу қорытындысы 4. «Үздік әдістемелік бірлестік» Пән әдістемелік бірлестіктерінің, шығармашылық топтардың, мұғалімдердің жыл ішінде атқарған жұмыстары, байқауларға қатысу көрсеткіші	Директор орынбасарлары, ӘБ жетекшілері	мамыр

Ұйымдастыру жұмыстары

Нормативтік құжаттармен танысу	үнемі	Әкімшілік, ӘБ жетекшілері
Әдістемелік нұсқаулық хатпен танысу	тамыз	әкімшілік
Практикалық семинар	тамыз	әкімшілік
«Цифровизациялық сауаттылық» семинар-практикум	27-28 тамыз	әкімшілік
Мұғалімдердің тамыз секциялық отырыстарына, вебинарларға, онлайн курс, семинарларға қатысуын ұйымдастыру	тамыз	әкімшілік
Жұмыс стендтерін жаңарту	тамыз	әкімшілік
Тарификация жасау, еңбек өтілін санау комиссия жұмысын ұйымдастыру	тамыз	әкімшілік

Педагогикалық шеберлікті арттыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстары

Аудан және облыс деңгейінде тәжірибемен алмасуға материалдар ұсыну	Авторлық бағдарламаларды толықтыру, тарату	Тамыз, қараша	ӘБ жетекшілері
Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауына қатысу	Мектепшілік «Үздік авторлық бағдарламалар» сараптамасын жүргізу	қыркүйек	Махимова Б.Т ӘБ жетекшілері
Кәсіби байқауларға қатысу	«Үздік педагог» байқауына қатысу	тамыз	әкімшілік

Тәжірибеменалмасубойыншағылым и-практикалықконференциясынақатысу	Республикалық, халықаралық конференцияларға баяндама, мақала жіберу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
Жалпыланған озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, әдістемелік журнал беттеріне жариялау	«Ұстаз», «Қазақ педагогикасы», «	Тоқсан сайын	Пән мұғалімдері
Озық педагогикалық іс-тәжірибені қорытындылау және мектеп ішінде қолдану	Апробациядан өткен бағдарламаларға сраптама беру	сәуір	ӘБ жетекшілері
Жетекші мектеп жұмысын жүзеге асыру	Семинар- практикум, конференцияларөткізу	Жоспарға сай	Шығармашылық топ
Сыныптардағы сабақ беруді жетілдіру	Lesson study жұмысын ұйымдастыру	ақпан	Мектеп тренерлері
Шығармашылық топ жұмысы	«Тәлімгер және тәлімалушы» байқауын өткізу	сәуір	I,II деңгей мұғалімдері
Пән апталықтары			
Қазақ тілі мен әдебиет	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	21.09-26.09	Кулшариева Б.С. , Бисекеш Г.Т. Бекентаева А.Х., Шайхиева С.Г.
Орыс тілі	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	12.10-16.10	Суханова М.И., Дошманова Г.Х., Шукурова Г.К.
Ағылшын тілі	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	19.10-23.10	Есеркенова С.Т., Имангалиева Л.А. Исамбаева Г.К.
Математика пәні	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	16.11-20.11	ЖанекеноваБ.Ж Тулешова А.С., Курманиязова М.К. Мынжасова Н.С., Исламгалиева Л.М., Самиғоллин А.С., Айсағалиев А.С.
Психолог,әлеуметтік педагог,	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	23.11-27.11	Имангалиева Г.Б, Шапикова Г.Б. Шайхиева С.Г
Тарих және қоғамтану ӘБ	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	7.12- 11.12	Шакиров Ғ.А., Шапиков Н.М. Кондудаева Ж.М
Жаратылыстанупәндері	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	18.01-22.01	Гумарова Ж.М. Шакирова Э.М., Сабитова А.А Курманиязова А.А
Дене шынықтыру	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	25.01-05.02	Айғалиев М.С., Нагиев К.С., Дуимбаев А.А.
АӘД	ашық сабақ, , тәрбиелік шаралар		Танбаев Ж.К.

өзін-өзі тану	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	ақпан	Иманғалиева Г.Б, Шапикова Г.Б Дакишева А.А
Технология, сурет	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	24.02-05.03	Шурин Б.Б, Идрисова Ж.Б.
Физика, информатика	ашық сабақ конференция, интеллектуалдық ойындар, тәрбиелік шаралар	05.04-09.04	Дуйсенова А.С., Садыкова А.Ж. Сиражева А.С
Сабақ тиімділігін арттыру Коучинг - үрдісі			
Коучинг №1	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы КМ тәсілдері (инновациялық алаң аясында): 1.Функционалдық сауатты ашу 2.Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы 3. Математикалық сауаттылық	қараша	ӘБ жетекшілері, көшбасшылық курсынан өткен мұғалімдер
Коучинг №2	«Мұғалімдер және оқушылар қоятын тиімді сұрақтар».	қаңтар	ӘБ жетекшілері, көшбасшылық курсынан өткен мұғалімдер
Коучинг №3	«Оқытудың жобалық-зерттеу тәсілі»	наурыз	ӘБ жетекшілері, көшбасшылық курсынан өткен мұғалімдер
Білім беру мазмұнын жаңарту Критериалды бағалауды игеру			
Оқыту семинары:	Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы мұғалім жоспары. Формативтік бағалау. Сабақта кері байланысты жүзеге асыру.	қыркүйек	Мектеп координаторы,
Семинар:	Суммативтік бағалау. Бөлім/тақырыпты суммативтік бағалау тапсырмалары	қараша	Мектеп координаторы,
Педагог қызметкерлерді аттестаттау			
Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдермен әдістемелік-нұсқаулық кеңес өткізу Бұйрықтар шығару	желтоқсан	Ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Мұғалімдерді аттестаттау бойынша растайтын құжаттарды тапсыру және өтініш беру	Наурыз, қараша	Ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімін бекіту	желтоқсан	Ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Мұғалімдердің біліктілік тестілеуден өтуі	Қараша, мамыр	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер
Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабағына қатысу	Қыркүйек-қараша, қаңтар-наурыз	Директор орынбасарлары
Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Мұғалімдердің педагогикалық жетістіктері портфолиосын қорғау	қараша-қаңтар	Ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары

Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Мектептің сараптау кеңесінің отырысы	қараша-қаңтар	Ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
Педагог қызметкерлерді аттестаттау	Аттестаттау комиссиясының отырысы	қараша-қаңтар	Ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
Кадрлар жұмысы.			
Біліктілікті арттыру	Мұғалімдердің сапалық құрамы тізімін құрастыру.	тамыз	Махимова Б.Т
Біліктілікті арттыру	Қайта даярлау курсының перспективтік жоспарына түзетулер енгізу.	тамыз	Махимова Б.Т
Біліктілікті арттыру	Біліктілікті арттыру курсына өтініш беру.	қыркүйек	Махимова Б.Т
Біліктілікті арттыру	Қайта даярлау курсынан өтуді бақылау	Жыл бойы	Махимова Б.Т
Дарынды оқушылармен жұмыс			
Дарынды оқушылармен жұмыс	Дарынды оқушылармен жылдық жұмыс жоспарын тексеру, бекіту.	тамыз	Қосымша білім беру педагог
Дарынды Оқушылармен жұмыс	Қосымша білім беру жұмыстарын ұйымдастыру. Жеке секциялар, үйірмелер, клубтарды жұмысын ұйымдастыру, бақылау. Сессияда ОҒҚ –ң міндеттерін айқындау, нәтижелерін шығару, жеке секциялар жұмысы және қоғам мүшелерінің есебін тыңдау, жұмыс жоспарын, секция жетекшілерін бекіту.	Қыркүйек қазан	Қосымша білім беру педагог
Дарынды Оқушылармен жұмыс	Дөңгелек үстел: «Ғылыми жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп пен ЖОО байланысы»	қараша	Қосымша білім беру педагог
Дарынды оқушылармен жұмыс	Мектепшілік пән олимпиадаларын, «Зерде» олимпиадасын өткізу	қазан	Қосымша білім беру педагог
Дарынды оқушылармен жұмыс	Аудандық олимпиадаға қатысатын оқушылар тізімін құру, олимпиадаға дайындық жұмыс барысын қадағалау	қараша	Қосымша білім беру педагог
Дарынды Оқушылармен жұмыс	«Апельсин», «Ақжелкен», «Бесінші элемент», «Жас өспірімдер олимпиадасы», «Импульс», «Ғылымға алғашқы қадам» облыстық байқауларға, КИО, «Ақбота», «Verbas», «Кенгуру», «Золотое руно», «British Bulldog» интеллектуальдық марафонға, бейнелеу, қолөнер,	Жыл бойы	Қосымша білім беру педагог

	спорттық, т.б түрлі байқауларға жоспарға сай қатыстыру		
Дарынды Оқушылармен жұмыс	Мектепшілік ғылыми жоба байқауын өткізу. Аудандық, облыстық ғылыми жоба жарыстарына жұмыстар ұсыну.	Тамыз, сәуір	Қосымша білім беру педагог
Дарынды оқушылармен жұмыс	Жыл ішінде үздік жетістіктер көрсеткен оқушылар жайлы мәліметтер базасын құру және нәтижелерді фейсбукке жариялау	Жыл бойы	Қосымша білім беру педагог, тәлімгер
Дарынды оқушылармен жұмыс	Дарынды оқушылармен жұмыстың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, талдау.	мамыр	Қосымша білім беру педагог